

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ  
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

**Б Ұ Й Р Ы Қ № 71**

**Қызылорда қаласы**

**« 03 » 05 2022 жыл**

**«2021-2022 оқу жылын аяқтау және  
орта білім беру ұйымдарының  
білім алушыларын қорытынды  
аттестаттаудан өткізу туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында және Қызылорда облысының білім басқармасының 2022 жылғы 28 сәуірдегі №84-НҚ/1 бұйрығына және Қызылорда қаласы білім бөлімінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі №46 н/қ бұйрығына сүйене отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. №39 «Қызылөзек» орта мектебіндегі оқу жылы 2022 жылғы 25 мамырына аяқталсын.

1) 9 (10) – сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығында;

2) 11 (12) – сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығында;

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) Қазақ/орыс тілі ( оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2022 жылғы 28 мамыр;

2) Математика ( алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 31 мамыр;

3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2022 жылғы 3 маусым;

4) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 6 маусым;

3. 11 (12) сынып білім алушылары үшін санитарлық талаптарды сақтай отырып:

1) Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2022 жылғы 27 мамыр;

2) Қазақ/орыс тілі ( оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан – 2022 жылғы 30 мамыр;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2022 жылғы 2 маусым;

4) Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен жазбаша емтихан – 2022 жылғы 7 маусым;

5) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2022 жылғы 10 маусым;

4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2021-2022 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезінде жіберілген білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 1-8,10- сыныптарда білім алушылар үшін 2022 жылғы 26 мамырдан бастап 17 маусым аралығында Жазғы мектепте оқыту ұйымдастырылсын.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ж.Байжанов